

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 қазандағы N 1003 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне Қазақстан халықтары ассамблеясының он екінші сессиясын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 54121000 (елу төрт миллион бір жүз жиырма бір мың) теңге бөлінсін.

2. "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

II "Шығындар" бөлімінде:

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

206 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі" әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында 09 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер" ішкі функциясында 206 "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі" әкімшісі бойынша 109 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша шығындар Қазақстан халықтары ассамблеясының он екінші сессиясын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу үшін 54121000 (елу төрт миллион бір жүз жиырма бір мың) теңге сомасына ұлғайтылсын;

13 "Басқалар" функционалдық тобында 09 "Басқалар" ішкі функциясында 217 "

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" әкімшісі бойынша 010 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві" бағдарламасында 101 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві" кіші бағдарламасындағы шығындар 54121000 (елу төрт миллион бір жүз жиырма бір мың) теңге сомасына азайтылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК